

НАШ ЦЕНТР — ПРОСТРАНСТВО ДОВЕРИЯ И ПОДДЕРЖКИ



Наш центр — это особое пространство, где можно сделать паузу, остановиться, обратиться к самому себе и почувствовать, что ты не один.

Мы поддерживаем студентов в те моменты, когда накапливается тревога и стресс, когда накатывает усталость или теряется мотивация. Атмосфера центра помогает каждому найти путь к самому себе, определиться и ощутить, что рядом есть люди, готовые понять и поддержать.

В нашем центре проходят индивидуальные консультации, групповые встречи, тренинги на факультетах, а также просветительские программы. Всё это — для того, чтобы студенты чувствовали себя увереннее, спокойнее и могли восстановить свой внутренний ресурс.

На каждом факультете работает свой психолог, к которому можно обратиться



ся в любое время. Кроме того, при центре функционирует студенческий клуб Mental Health — инициатива, направленная на развитие культуры психологического благополучия в университете.

Мы работаем бережно, с уважением и вниманием к каждому.

Если вы чувствуете, что вам нужна поддержка, что важно восстановить внутренний баланс и уверенность — приходите. Мы рядом.

Анна Гниденко
Руководитель Центра Здоровья и благополучия в Zhubanov University

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ226VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР ҒЖБМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы-Ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Жадыра Арен

Аудармашы
Айтолқын Әмірхан

Дизайнер:
Айнұр Тлешова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Ө.Молдағұлова даңғылы,34
М.Арын атындағы бас ғимарат

E-mail:
zhubanovpress@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazeti

Таралымы: 5000 дана

Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды



№12 (515)
20 желтоқсан
2025 жыл

Облыстық
ақпараттық-
танымдық газет

Zhubanov University

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді



**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ
ЦИФРЛАНДЫРУДАҒЫ
ЖАҢА ЖЕТІСТІК**

4-5 БЕТТЕР

**МАМАНДЫҒЫМА ДЕГЕН
МАХАББАТЫМ МЕНІ
БИІК МАҚСАТТАРҒА
ЖЕТЕЛЕЙДІ**

7-БЕТ

**АҚТӨБЕДЕ
МИННЕСОТА
УНИВЕРСИТЕТІМЕН
БІРЛЕСКЕН
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ**

**ЗЕРТТЕУ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН
ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ
АШЫЛДЫ**

8-БЕТ

Басты жаңалықтар



АҚТӨБЕДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕР-МЕН БІРЛЕСКЕН БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ЖОБАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, Heriot-Watt University ректоры Ричард Уильямс және Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректоры Лаура Қарабасованы қабылдады.

Кездесу барысында өңірдегі білім және ғылым салаларын дамыту, халықаралық тәжірибе алмасу және университеттердің стратегиялық дамуы мәселелері қаралды.

Өңір басшысы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылы Ақтөбеде жұмысын бастаған Ұлыбританияның жетекші техникалық университеті Heriot-Watt University халықаралық кампусының құрылысы белсенді түрде жүргізіліп жатқанын айтып өтті. Бүгін құрметті қонақтар оқу-зертханалық корпусының салтанатты тақтасын ашу шарасына, сонымен қатар, өңірлік университет пен Миннесота университетінің бірлескен Халықаралық зерттеу құзыреттіліктерін дамыту орталығының ашылуына қатыспақ.

Бұл жобалар өңірдегі жоғары білім сапасын арттыруға және жастарға халықаралық тәжірибе алу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған.

В АКТОБЕ ОБСУДИЛИ СОВМЕСТНЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ И НАУЧНЫЕ ПРОЕКТЫ С МЕЖДУНАРОДНЫМИ УНИВЕРСИТЕТАМИ

Аким Актыубинской области Асхат Шахаров принял вице-министра науки и высшего образования РК Гүлзат Көбенову, ректора Heriot-Watt University Ричарда Уильямса и ректора Актыубинского регионального университета имени К. Жубанова Лауру Карабасову.

В ходе встречи обсуждались вопросы развития сферы образования и науки в регионе, обмена международным опытом и стратегического развития университетов.



Глава региона отметил, что по поручению Президента в 2023 году в Актобе начал работу Международный кампус ведущего британского технического университета Heriot-Watt University, строительство которого ведется активно. Сегодня уважаемые гости приняли участие

в церемонии открытия памятной доски учебно-лабораторного корпуса, а также в открытии совместного с Университетом Миннесоты Центра международного развития исследовательских компетенций при региональном университете.

Эти проекты направлены на повышение качества высшего образования в регионе и расширение возможностей молодежи для получения международного опыта.

Ақтөбе облысы әкімдігінің
Баспасөз қызметі



АДАМ МИЫНА ҚАТЫСТЫ ҚЫЗЫҚТЫ 30 ДЕРЕК

Мидың функциясын б.з.д. 400 жылы мысырлықтар мен гректер зерттеген. Қазіргі таңда мидың маңыздылығын барлығы түсінеді, бірақ ол туралы нақты біліміміз аз. Мына деректерді ұсынамыз:

1. Алдыңғы мида ауыртпалық рецепторлар болмайды, сондықтан ми ауыртпалықты сезбейді.

2. Ми адам мүшесінің ең майлы жері, мүшенің 60% майын құрайды.

3. Жүктіліктің ерте кезеңінде нейрондар минутына 250000 жылдамдықпен дамины.

4. Ақылдылық қызметіне жауап ретінде адамдар өмір бойы жаңа нейрондарды жасап шығарады.

5. Алкоголь нейрондардың арасын жалғайтын процеске кедергі жасайды.

6. Биіктік адамға көптеген қызықты көруге мүмкіндік береді. Көптеген әсерлер миға оттегінің жетіспеушілігінен болады. 8000 фундтан жоғары көтерілген альпинистердің сөзіне сүйенсек, олар көрінбейтін серіктерді, өздерінен жарық шығатынын, тағы бір басқа денені көретінін айтады.

7. Дауыстап оқу, кішкентай баламен ұзақ сөйлесу мидың дамуына әсерін тигізеді.

8. Әр түрлі нейрондарға байланысты ақпараттар әр түрлі беріледі. Барлық нейрондар бірдей емес. Денедегі нейрондардың типіне байланысты ақпараттардың ең баяуы 0,5 м/сек, ал жылдамы 120 м/сек болуы мүмкін.

9. Қуану, қорқу, бақыт, ұялу деген сезімдер адамға туа бітеді, тек тәрбие оны ары қарай қалай дамытатындығын көрсетеді.

10. Мидың сол жақ бөлігі оң жақ денені, мидың оң жақ бөлігі сол жақ денені басқарады.

11. Бес жасқа дейін екі тіл білген баланың ми құрылысы өзгеріп, кейін ондағы сұр зат тығыз болады.

12. Ақпарат ақырын 0,5 м/сек немесе жылдам 120 м/сек өңделі алады (шамамен 268 км/сағ).

13. Сергектік арқылы сіздің миыңыз 10-н 23 Вт энергия бөледі, бұл деген бір шамды қуаттандыруға тең.

14. Мидың әр бөлігінің өз функциялары бар.

15. Нью-Йорктегі миллион студенттерді түскі ас кезінде консервантсыз, бояғышсыз, хош иістендіргішсіз тамақпен тамақтандырғанда, олар зерт-



теуге қатыспаған студенттерге қарағанда IQ-н 14% жоғары нәтиже көрсетті.

16. Көп жылдар бойы ғалымдар құлақтағы шуды құлақтың механикалық функциясына байланысты деп ойлап келген, алайда ол мидың функциясына байланысты екен.

17. Әр кез сіздер жаңа ойды ойластырғанда, миыңызды жаңа іске қосасыз.

18. Хош иіс арқылы сақталатын естелік ең мықты эмоциялық байланыс болып табылады.

19. Біз жыпылықтаған сайын, миымыз жұмыс істеп, заттарды жарық етіп ұстайды. Сол арқылы біз жыпылықтаған сайын әлем жарықтана түседі. (күніне, шамамен, 20 000 рет)

20. Күлкі оп-онай шаруа емес, адам күлген кезде мидың бес бөлігі қозғалады.

21. Адамның ойына келетін ойлардың орташа саны 70 000

22. Неліктен ұйықтаймыз? Бірінші, физикалық, екінші психикалық. Кейбір зерттеулерге сүйенсек, ұйқы біздің қажет емес ойларымызды тазартады.

23. Гипоталамус, алдыңғы мидың бөлігі, термостат сияқты температураны реттейді. Гипоталамус сіздің денеңіздің қалыпты температурасы қанша болу керектігін біледі (98,6 Фаренгейт, 37 Цельсий бойынша). Егер де-

неңізге тым ыстық болса, гипоталамус оны терлеу арқылы көрсетеді. Егер сізге суық болса, ол діріл арқылы білдіреді. Терлеу және мұздау арқылы дене температурасын реттейді.

24. Күніне 85000 ми қабығының нейронары мида жоғалып кетеді. Қуанышқа орай, бұл - білінбейтін залал.

25. Зияткерлік қабілеттілік кезінде мидың көлемі мен салмағы бірдей болмайды. Мысалы, Эйнштейннің миы 1230 грамм болған, тіпті адамның орташа миынан да жеңіл.

26. Тірі ми өте жұмсақ болып келеді, тіпті оны ас үйге арналған пышақпен де кесуге болады.

27. Мида 100 000 миль қан таситын қан тамырлар бар.

28. Лондонның барлық көшелерін білетін жүргізушілердің гиппокампі үлкен болады. Зерттеу көрсеткендей, ақпаратты көп жаттайтын адамдар миының бір бөлігі өсе береді екен.

29. Ми оттегісіз 4-6 минут өмір сүре алады, содан кейін өле бастайды. Егер оттегі 10 минут жетіспеген жағдайда, мидың ауыр зақымдалуына әкеледі.

30. Біздің миымыз бізді жиі алдайды. Ол заттарды шындыққа сай емес, басқаша қабылдай алады.

bilim-all.kz



Student life

Zhubanova university студенті
Вице-мисс Қазақстан атанды

Алматы қаласында өткен ұлттық «Miss Qazaqstan – 2025» сұлулық байқауында Жұбанов университеті кәсіби-шығармашылық факультетінің «Дизайн» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті Дильназ Сәрсенбай «Вице-мисс Қазақстан» атағына ие болды. Биылғы жылы байқауға Қазақстанның 15 өңірінен 500-ден астам үміткер қатысып, олардың тек 20-сы ғана финалға жолдама алған болатын. Осындай бәсекелі додада үздіктер қатарынан көріну — үлкен жетістік. Біз Дильназды жеңісімен құттықтап, әсерлі сәттері мен дайындық барысы жайында сұхбаттастық..

«Вице-мисс Қазақстан» атағын иеленуіңізбен құттықтаймыз! Байқауға дайындық қай кезден басталды?

Рақмет! Дайындықты алдын ала, бірнеше ай бұрын бастадым. Физикалық дайындықпен қатар, салауатты өмір салтын ұстану — дайындықтың маңызды бөлігі. Сонымен қатар шығармашылық тапсырмалар, сахналық жүріс, сөйлеу мәдениеті, психологиялық тұрақтылық — бәрі назарымда болды. Әр кезеңге жауапкершілікпен қарап, өзімді үздік нұсқамда көрсетуге тырыстым. Себебі үлкен сахнаға әрбір қадам дайындықты талап етеді.

Байқаудың жалпы атмосферасы қандай болды? Сіз үшін ерекше есте қалған сәт бар ма?

Байқау өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Біз үшін арнайы тренингтер, фотосессиялар, шеберлік сабақтары өткізілді. Әр күн жаңа эмоция мен жаңа мүмкіндік сыйлады. Ең есте қалған сәт — финалда сахнаға алғаш шыққан кезім. Сол сәттегі залдың қолдауы — бәрі ерекше энергия сыйлады.

Образ таңдауда дизайнерлік біліміңіздің пайдасы болды ма?

Әрине. Дизайн мамандығы маған эстетика сезімін, композиция, түс үйлесімі, стиль қалыптастыру сияқты білімдерді берді. Сахнадағы образ — адамның ішкі дүниесінің көрсеткіші. Сондықтан киім таңдау барысында өзімнің мінезіме, сахналық көңіл күйіме сай үйлесімді шешімдер қабылдадым. Кейбір элементтерді өзім ойластырдым, өзіме ыңғайлы әрі ерекше көріну үшін шағын дизайндық өзгерістер енгіздім.



Болашақта дизайн саласы мен модельдік/бьюти индустриясын қатар алып жүру жоспарыңыз бар ма?

Иә, екі саланы қатар алып жүру — менің басты мақсаттарымның бірі. Себебі дизайн да, модельдік өнер де менің шығармашылық еркіндігімді білдіреді. Бұл салалар бір-бірін толықтырып, жаңа идеялар мен жобаларға жол ашады деп сенемін. Алдағы уақытта жеке шығармашылық жобаларымды дамыту, сән индустриясына өз үлесімді қосу да жоспарымда бар.

Финалда есіміңіз аталған сәттегі сезіміңіз қандай болды?

Сол мезетте толқу, қуаныш, сенім сезімі қатар келді. Ұзақ дайындықтың нәтижесін сезіндім. Бұл атақ маған үлкен

жауапкершілік жүктейді. Енді Қазақстанның атын абыроймен таныта беру үшін одан да көп еңбектену керектігін түсіндім. Бұл мені әрі қарай да өзімді дамытуға шабыттандырды.

Өзіңізді дамыту жолында қандай қағидаларды ұстанасыз?

Мен үшін ең маңызды үш қағида бар: тәртіп, тұрақтылық және үздіксіз даму. Әр күн сайын кішкентай болса да бір қадам алға жасасам — бұл менің жеңісім. Жаңа нәрсе үйренуге, өзімді сынауға жасқанбаймын. Сондай-ақ, ішкі тыныштық, өз-өзіңе деген сенім және гармония — менің басты тірегім.


Жұбанов университеті сізге қандай тәжірибе мен мүмкіндіктер берді?

Университет менің шығармашылық тұлға болып қалыптасуыма көп әсер етті. Мұнда мен тек білім алып қана қоймай, жаңа адамдармен таныстым, түрлі жобаларға қатыстым, пікір алмасып, кәсіби шеберлігімді дамыттым. Ұстаздарымның қолдауы, студенттік ортадағы белсенділік — бәрі мені жігерлендіріп, үлкен мақсаттарға жетелейді.

Әңгімеңізге рақмет! Шығармашылық шабыт және сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан: Жадыра Арен

Главные новости

HERIOT-WATT UNIVERSITY: ЖАҢА
ОҚУ-ЗЕРТХАНАЛЫҚ КОРПУСЫ
АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2023 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасында Ұлыбританияның жетекші техникалық университеті Heriot-Watt University халықаралық кампусы ашылды. Қазіргі таңда университеттің негізгі оқу-зертханалық корпусының құрылысы белсенді түрде жүргізіліп жатыр.

Бүгін Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы стратегиялық әріптестік аясында оқу-зертханалық корпусының салтанатты тақтасын ашу рәсімі өтті. Шараға ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, Heriot-Watt University вице-канцлері Ричард Уильямс, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің басқарма төрағасы - ректоры Лаура Қарабасова қатысты.

Жаңа оқу-зертханалық корпус заманауи білім беру инфрақұрылымын қалыптастыруға, ғылыми-зерттеу әлеуетін кеңейтуге және инновациялық академиялық ортаны дамытуға бағытталған. Ғимарат үш қабатты, жалпы ауданы 5007,5 м², ал жер учаскесінің көлемі 4,25 гектар, барлығы 1000 оқу орны қарастырылған. Ғимарат жобасы халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылып, заманауи құрылыс технологиялары қолданылады.

Хериот-Уатт университетінің Ақтөбедегі кампусы Institution of Engineering and Technology (UK) тарапынан аккредиттелген «Электр энергетикасы», Energy Institute және Institute of Materials, Minerals & Mining (UK) тарапынан аккредиттелген «Компьютерлік инженерия», The British Computer Society, Chartered Institute for IT (UK) тарапынан аккредиттелген «Мұнай инженериясы және энергия менеджменті» бағыттары бойынша білім береді. Дәрістерді Шотландия, Дубай, Малайзиядан келген жоғары білікті оқытушылар мен халықаралық жоғары оқу орындарының түлектері жүргізеді.

Қазіргі таңда кампусты 518 студент білім алады. Олардың қатарында Қазақстанның әр өңірінен, соның ішінде республикалық маңызы бар қалалардан, ауылдық жерлерден (35%), көрші мемлекеттерден (Өзбекстан, Ресей) және алыс шетелден (Ауғанстан, Пәкістан) келген студенттер бар. Ауғанстаннан және Пәкістаннан келген шетелдік студенттер Bolashak StudyInn гранты бойынша оқиды.

Хериот-Уатт университетінің артықшылығы — студенттердің GoGlobal академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Дубай, Малайзия және Эдинбургтағы кампустарда бір семестр білім алуға мүмкіндігі бар. 2024-2025 оқу жылында 12 білім алушы Малайзияда, 4 білім алушы Эдинбургта оқып келсе, 2025-2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында Малайзияда 14 студент білім алып жатыр.

Сонымен қатар заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған инновациялық кампуста білім алу арқылы әлемдік Хериот-Уатт түлектері қауымдастығының мүшесі болуға және халықаралық компанияларда тәжірибе алмасып, кәсіби біліктілікті арттыруға мүмкіндік жасалған.

Хериот-Уатт университетінің Ақтөбедегі кампусының түлегі оқуды бітірген соң британдық және мемлекеттік үлгідегі қос диплом алады. Бұл оның бәсекеге қабілетті кадр ретінде еңбек нарығындағы рөлін айшықтайды.

HERIOT-WATT UNIVERSITY: ОТКРЫ-
ТА ДОСКА НОВОГО УЧЕБНО-
ЛАБОРАТОРНОГО КОРПУСА

По поручению Главы государства К.К.Токаева в 2023 году на базе Актыбинского регионального университета имени К.Жубанова был открыт международный кампус ведущего британского технического университета Heriot-Watt University. В настоящее время активно ведется строительство основного учебно-лабораторного корпуса университета.

Сегодня в рамках стратегического партнерства между Казахстаном и Великобританией состоялось торжественное открытие памятной доски учебно-лабораторного корпуса. В мероприятии приняли участие вице-министр науки и высшего образования РК Гулзат Көбенова, вице-канцлер Heriot-Watt University Ричард Уильямс и председатель правления - ректор Актыбинского регионального университета имени К.Жубанова Лаура Карабасова.

Новый учебно-лабораторный корпус предназначен для создания современного образовательного инфраструктурного комплекса, расширения научно-исследовательского потенциала и развития инновационной академической среды. Здание трехэтажное, общей площадью 5007,5 м², на земельном участке площадью 4,25 гектара предусмотрено 1000 учебных мест. Проект здания реализован в соответствии с международными стандартами с применением современных строительных технологий.

Кампус Heriot-Watt University в Актобе предоставляет образование по направлениям: «Электротехника», аккредитованное Institution of Engineering and Technology (UK); «Компьютерная инженерия», аккредитованное Energy Institute и Institute of Materials, Minerals & Mining (UK); «Нефтяная инженерия и энергоменеджмент», аккредитованное The British Computer Society, Chartered Institute for IT (UK). Лекции ведут высококвалифицированные преподаватели из Шотландии, Дубая и Малайзии, а также выпускники международных университетов.

В настоящее время в кампусе обучаются 518 студентов. Среди них студенты из разных регионов Казахстана, включая города республиканского значения и сельскую местность (35%), а также из соседних стран (Узбекистан, Россия) и дальнего зарубежья (Афганистан, Пакистан). Студенты из Афганистана и Пакистана обучаются по гранту Bolashak StudyInn.

Преимущество Heriot-Watt University заключается в том, что студенты могут в рамках академической программы мобильности GoGlobal провести один семестр обучения на кампусах в Дубае, Малайзии или Эдинбурге. В 2024-2025 учебном году 12 студентов обучались в Малайзии, 4 — в Эдинбурге; в первом полугодии 2025-2026 учебного года 14 студентов проходят обучение в Малайзии.

Кроме того, обучение в инновационном кампусе с современным инфраструктурным обеспечением позволяет стать членом глобального сообщества выпускников Heriot-Watt, обмениваться опытом с международными компаниями и повышать профессиональную квалификацию.

Выпускник кампуса Heriot-Watt University в Актобе после окончания обучения получает двойной диплом британского и государственно-образца, что усиливает его конкурентоспособность на рынке труда.

☑ Ғылым және инновация

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023–2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы аясында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғалымдары ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған алғашқы қазақ тіліндегі «Сауатты бала» және «Дыбыстар әлемі» атты инновациялық мобильдік қосымшалар әзірледі.

Инклюзивті білім беруді цифрландырудағы жаңа жетістік

Жоба жетекшісі, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Мейрамгүл Есенғұлова басшылық еткен ғылыми топтың негізгі мақсаты – үй жағдайында оқитын, денсаулығына байланысты шектеулері бар немесе әлеуметтену мүмкіндігі төмен балаларға қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру болды. Зерттеу барысында балалардың сөйлеу, танымдық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған қазақ тіліндегі заманауи цифрлық контент әзірлеу басты міндеттердің бірі болып белгіленді.

Профессордың айтуынша, соңғы жылдары Ақтөбе облысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуы сала мамандарына түсетін жүктемені көбейтіп, қазақ тіліндегі қолжетімді цифрлық ресурстарға деген сұранысты айтарлықтай арттырған.

Осы қажеттілікті өтеу мақсатында әзірленген «Сауатты бала» және «Дыбыстар әлемі» мобильдік қосымшалары логопедиялық жаттығуларды, ойын форматындағы (game-based) тапсырмаларды, визуалды және аудиоматериалдарды қамтиды. Бұл құралдар педагогтардың жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуда жоғары тиімділік көрсеткені тәжірибелік кезеңде дәлелденді.



Жоба бойынша толығырақ біз п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Мейрамгүл Есенғұловамен сұхбаттасқан едік.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін жасалған мобильдік қосымшаларының идеясы қалай пайда болды?

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Лаура Қарабасованың бастамасымен 2022–2023 оқу жылында университетте «оқытушы–зерттеуші» пилоттық жобасы іске қосылып, оқытушылардың оқу жүктемесі жеңілдетілді және ғылыми жұмысқа толық көлемде шоғырлануға мүмкіндік жасалды. Осы мүмкіндіктің нәтижесінде жұмыс тобы ретінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023–2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсына қатысып, ЖТН АР19678465 «Ақтөбе өңіріндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қашықтан оқыту технологиясын қолдану» тақырыбындағы жобамыз сәтті болып, грантты жеңдік. Жоба мемлекет тарапынан қаржыландырылып, Қ. Жұбанов атындағы АӨУ басшылығының қолдауымен жүзеге асырылды.

Жобадағы ғылыми топтың рөлі қандай болды?

«ЖТН АР19678465 «Ақтөбе өңіріндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қашықтан оқыту технологиясын қолдану» жобасының ғылыми жетекшісі ретінде мен және зерттеу тобы құрамында п.ғ.к., қауымдастырылған профессор А.К.Тоғайба-

ева, PhD, доцент Д.Ж.Рамазанова, магистрлер Б.Б.Ертлеуова, К.М.Кеншілікова, М.А.Аманжол жұмыс жасадық.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқытылуы көбіне арнайы ұйымдарда жүргізілгенімен, денсаулық жағдайы, пандемиялық шектеулер және отбасылық себептерге байланысты көптеген бала үйде оқуға мәжбүр. Бұл олардың қарым-қатынас дағдыларын шектеп, әлеуметтену мен жалпы дамуына кері әсер ететіні белгілі.

Сонымен қатар ЕББҚ бар балалар санының артуы арнайы педагогтарға түсетін жүктемені көбейтіп, білім беру сапасына әсер етуі мүмкін. Қазіргі таңда кеңінен қолданыстағы Дэльфа-142 электронды қосымшасы мен «Визль-Арт» интерактивті планшетінің контенті негізінен орыс тілінде, ал қазақ тіліндегі сапалы материалдар жеткіліксіз. Сондықтан біз зерттеу тобы бұл олқылықтың орнын толтыруға және мәселенің тиімді шешіміне үлес қосуға тырыстық.

Қашықтан оқыту жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған әдістемелік ғылыми түрде әзірлеу олардың сапалы білім алуына, қатарластарымен қарым-қатынас орнатып, ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді.

Осы зерттеу нәтижесінде «Сауатты бала» және «Дыбыстар әлемі» мобильдік қосымшалары әзірленіп, балалардың сәйлемді дұрыс құрастыруына, сондай-ақ қарапайымнан күрделіге бағытталған тапсырмаларды жүйелі меңгеруіне мүмкіндік бе

☑ Студенттік клуб

«Жас қаламгерлер» студенттік клубы 2019 жылдың 15 наурызында филология факультеті жанынан құрылып, бүгінгі таңда университеттің шығармашылық бағыттағы белсенді ұйымдарының біріне айналып отыр. Клубтың негізгі мақсаты – жас ақындардың, әдебиетке және өнерге бейім дарынды студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың әдебиетке, поэзияға және жалпы көркем өнерге деген қызығушылығын арттыру.

«Жас қаламгерлер» студенттік клубы

Клубтың қызметі студенттердің шығармашылық ортасын қалыптастыруға, олардың жеке талантарын дамытуға және әдеби ортада еркін дамуына бағытталған. «Жас қаламгерлер» тек поэзия жанрымен шектелмейді: клубқа көркемсөз оқу, ән орындау, авторлық шығармалар жазу, сахналық өнерге қызығушылық танытқан барлық студенттер мүше бола алады.

2025 жылы клуб өзінің алғашқы ірі жобасын сәтті жүзеге асырып, Студенттер сарайында «Біз екеуміз» атты музыкалық-поэтикалық кеш ұйымдастырды. Аталған іс-шара көрермен қауымның жоғары бағасына ие болып, клуб мүшелерінің шығармашылық әлеуетін кеңінен танытты.

«Жас қаламгерлер» клубы Ақтөбе қаласының Жазушылар одағымен өзара тығыз байланыста жұмыс жүргізеді. Тәжірибелі қаламгерлермен өткізілетін кездесулер, әдеби талқылаулар мен шеберлік сабақтары студенттердің кәсіби дамуына ықпал етеді.

Клуб мүшелерінің шығармашылық еңбектері университет тарапынан да қолдау табуда. Студенттердің өлеңдері мен авторлық туындылары Zhubanov university облыстық ақпараттық-танымдық газетінде тұрақты түрде жарияланып тұрады. Бұл –



жас қаламгерлердің шығармашылық белсенділігін арттыруға үлкен мүмкіндік.

Қазіргі уақытта клуб құрамында 40 белсенді студент бар. Клуб мүшелері тұрақты шығармашылық жиналыстар өткізіп, жаңа шығармаларын талқылап, ортақ жобаларды жүзеге асыруда.

Алдағы уақытта «Жас қаламгерлер» студенттік клубы шығармашылық кештер, әдеби байқаулар, жинақтар шығару, сондай-ақ қалалық және облыстық мәдени іс-шараларға белсенді қатысу бағытында жұмыстар атқаруды жоспарлап отыр.

Әсел Ибрагим,
«Жас қаламгерлер» клубының жетекшісі,
Филология факультеті
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
білім беру бағдарламасының 2 курс студенті



ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ ЖАС АҚЫНДАР АЙТЫСЫНДА ТОП ЖАРДЫ

Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы ұйымдастырған I Республикалық жас ақындар айтысында университеттің 1 курс студенті Арай Нұрадин бас жүлдеге ие болды.

Алматы қаласында өткен додада еліміздің 10 облысынан келген 14 ақын

бақ сынады. Солардың ішінен суырылып шыққан «Жас қаламгер» студенттік клубының мүшесі Арай Нұрадин үздік деп танылып, арнайы диплом және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Жұбановшылардың биік мінберден көрінуі — еңбек пен білімнің, ізденіс пен талпыныстың жемісі. Ал жастардың шығармашылық қабілетін шыңдап, олардың түрлі бағыттағы бастамаларына қолдау көрсету — университеттің басты бағыттарының бірі.



☑ Студент күнделігінен

Жүректегі ең әдемі бейне

Уақыт... қандай ғажап ұғым еді. Ол бәрін емдеп, бәрін жасырып, бәрін жуып-шайтындай көрінеді. Бірақ, расында, кейбір бейнелер кейбір жанарлар — саған қайта-қайта оралып, жүректің терең түкпіріне мәңгі қонақтап қалады екен.

Мен де өз өмірімнің өзенінде жүзіп, күнде жаңа белес, жаңа жеңіс, жаңа мақсатпен алға басып келемін. Пікірсайыс додаларында талай мәрте жеңіске жетіп, өзгелердің алғысына ие болып, өмірдің дәмін татып жүрсем де, жүрегімнің бір шетінде сол бір арудың бейнесі көмескі тартпай, қайта айқындала түскендей.

Иә... мен де ғашық болғым келді. Бірақ көзбен емес... жүрекпен. Өзіме лайық, жанымды түсінетін, көзқарасымнан-ақ көңілімді ұғатын, жанарымен ғана сөйлесе алатын ерекше жанды іздедім. Талай жанды кездестірдім, талайымен әңгімелестім. Бірақ неге екенін білмеймін — бәрі уақытша еді. Бір нәрсе, бір тылсым күш ішімнен: «Жоқ, сенің адамың бұл емес... сенің жүрегің басқа біреуді күтіп жүр» — деп тоқтата берді.

«Ғашықтық — көз жасы,

Кеудеде қалған іңкәр ән» — деп Мұқағали жырлағандай, мен де өз ішімде соған ұқсас күй кешіп жүрдім.

Сол бір кеш... жатақхана іші у-шу. Жастар күліп-ойнап, өмірдің ең жарқын шақтарын бастан кешіп жатқан. Мен дәлізден өтіп бара жатсам, кенет алдымнан сол ару көрінді. Қасында құрбысы бар, екеуі күліп келеді. Сол сәтте жүрегім дүрсілдеп, алабұрта бастады. Әдетте өзімді сабырға шақырып, сабырлы кейіп танытатын едім. Бірақ бұл жолы бәрі басқаша болды.

Ол қыз... құдды бір көктемнің алғашқы таңы секілді. Табиғаттың өзі оның жанарында ұйғандай, күлкісі — мөлдір бұлақтың сылдыры, ал жүрісі — көк майсаны қытықтаған самал желдей еді. Көздері... неткен керемет! Терең, тұңғыш. Бір қарағаныңда-ақ өзіңді жоғалтып, сол жанардан мәңгілік орын тапқың келеді. Күлкісі... күміс қоңыраудың сыңғыры. Жүзі... таза жібекке оранғандай, көз тоймас сұлулық. Қимылдары... аққудың су бетінде баяу жүзіп жүргеніндей нәзік, әсем.

Жанынан өте бергенде мен амандасып, өз жөніммен кете берсем... ол кенет мені тоқтатады:

— Айтшы, менің есімім кім? — деді.

Құдай-ау... сол сәтте менің дүнием астан-кестең болды. Бір мезетке уақыт тоқтағандай. Айналадағы күлкі мен дауыстар, жарық пен көлеңке бәрі көмескі тартып, тек менің көз алдымда сол арудың жанары ғана жарқырап тұрды. Іштей өз-өзімді жек көріп, "Сен қанша уақыттан бері осы қызды бақылайсың, бірақ бір рет те есімің сұрамапсың-ау!" деп өзімді жазғырдым.

Оның көзіме тіке қарап, сол сұрақты қайталағаны... айтарға сөз жоқ. Ол сәт... кіршіксіз таза сезімдердің, шынайы ықыластың айнасы болды. Сол бір жанар... менің әлдеқашан басылып қалған қызығушылығымды қайта оятып, жүрегіме қайта сәуле түсіргендей.

Есімін айтты... бірақ менің қиялым, арманмен араласқан ойларым ол сөзді есіме сақтауға үлгермеді. Құдды сол сәтті тек жүрекпен сезініп, жан дүниеме сіңіру үшін ғана жаратылғандай.

Сол кештен кейін ішкі әлемімде бір өзгеріс пайда болды. Әлдебір үміт сәулесі, әлдебір батылдық оты тұтанып, "Мүмкін, тағдыр екінші мүмкіндік беріп тұрған шығар?" деген ой санамды мазалай берді. Бірақ, сол баяғы ой... "Мүмкін сен кешіктің" деген күдік менің батылдығымды басып тастады.

«Бақыт — қашқан көбелек,

Аңдығанның алақанына қонбайды» — деп Қадыр Мырза Әли ағамыз айтқандай, мен де бақыттың дәл жанымнан өтіп бара жатқанын сөзсем де, оны ұстап алуға батылым жетпеді.

Алайда, бір білерім — мен бұл қызға ешқашан өкпелеген емеспін. Қайта оның бақыты үшін іштей дұға етіп, таза ниетпен тілек тілеп келем. Ол — менің өмірімдегі ең әдемі аңыз. Аңыз болғанда да, ешқашан ескірмейтін, жүректің түкпірінде сақталатын ең қымбат естелік.

Өйткені ол — жәй ғана сұлу емес. Ол — жанға ем, көңілге медет, кіршіксіз нәзік жан. Көзінде мың мұң жатқанымен, күлкісінде күн нұры төгіліп тұрған, жанында болуға, тек алыстан бақытын тілеуге тұрарлық жан.

«Сенің күлкің — күннің нұры,


Сенің жанарың — жұмақтың қақпасы»

деп айтсам да артық емес.

Мүмкін бұл сезім орындалмас, мүмкін тағдыр бізге екі түрлі жол дайындаған шығар... бірақ, ол менің жүрегімдегі ең әдемі бейне болып қалады.



Рақымжан Тасқынбай,
«Жас қаламгерлер» клубының мүшесі,
қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2 курс студенті



ретін тиімді құралдар ретінде ұсынылды. Сонымен қатар қосымшалар есте сақтау үдерісін жеңілдетіп, тартымды визуалды контент арқылы әріптер мен дыбыстарды тез әрі қызығушылықпен меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл ресурстар сөйлеу тілі бұзылымдары бар балалардың есте сақтауын, тілдік дағдыларын түзету, дамыту және алдын алу жұмыстарын кәсіби деңгейде жүргізуге жағдай жасады.

«Сауатты бала» және «Дыбыстар әлемі» қосымшаларының мазмұны мен негізгі функциялары туралы қысқаша айттып өтсеңіз.

«Сауатты бала» қосымшасы балалардың танымдық қабілеттері мен сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Ал, «Дыбыстар әлемі» қосымшасына артикуляциялық жаттығулар мен дыбыстардың дұрыс қалыптасуына ықпал ететін ойын түріндегі тапсырмалар енгізілді. Әр бөлімде жаттығулардың атауы, орындау нұсқаулығы және иллюстрациялық материалдар ұсынылған. Бұл контент балалардың логопедиялық және тілдік дамуын жүйелі қолдауға мүмкіндік берді.

Жоба мақсатына сәйкес, тәжірибе барысында өңіріміздегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолайлы мәдени-білім ортасын қалыптастыру, мобильдік қосымшалар арқылы білімге қолжетімділікті арттыру, сондай-ақ үй жағдайында оқитын балалардың қарым-қатынас аясын кеңейтіп, коммуникативтік және ұжымдық дағдыларын дамыту көзделді.

Тәжірибелік кезең барысында қиындықтар кездесті ме? Жүргізілген жұмыс барысы туралы не айтар едіңіз?

Жоба барысы бойынша жүргізіліп отырған тәжірибеге «Ақбота» сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар және көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы бабақшасының «Жұлдыз» тобының 12 тәр-

биеленушісі, Сөйлеу орталығынан 20 білім алушы қатысты.

Тәжірибе жұмысы төмендегідей бағыттарды қамтыды:

— Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ойлау қабілетін, сөздік қорын және байланыстырып сөйлеуін дамытуға бағытталған зерттеу нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді;

— Танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін тапсырмаларды практикада қолданудың тиімділігі анықталды және бағаланды;

— Шығармашылық тапсырмаларды мультимедиа ресурстары арқылы ұйымдастыру нәтижесінде балалардың қызығушылық деңгейі анықталды.

Жоба аясындағы тәжірибеге қатысушы балалардың бастапқы даму деңгейін анықтау үшін диагностикалық кешендегі бірнеше әдістер қолданылды.

Тәжірибе негізінде жасалған мобильдік қосымшалар балалардың тілдік дағдыларын жетілдіруде оң нәтижелер көрсетті. Сөйлеу тілі, фонематикалық қабылдау, артикуляциялық дағдылар, грамматикалық құрылымдар, сөздік қорды белсендіру, байланыстырып сөйлеу сияқты бағыттарда айтарлықтай ілгерілеу байқалды.

Мобильдік қосымшаларды қолдану нұсқаулығына тоқталсақ?

«Сауатты бала» және «Дыбыстар әлемі» қосымшалары психологиялық-педагогикалық талаптарға толық сәйкес әзірленген.

«Сауатты бала» қосымшасын қолдану нұсқаулығы:

1. Google Play арқылы жүктеу;
2. Профильді тіркеу: баланың аты-жөні, ата-анасының нөмірі;
3. Негізгі екі бөліммен жұмыс:
 - Танымдық қызметтерді дамыту;
 - Лексикалық тақырыптар.
4. Тапсырмалар: «Артығын тап», «Көлеңкесін тап», «Түстерді ажырату», «Жұбын тап», «Есте сақтау ойыны».

Тапсырмалар интерактивті форматта ұсынылады, нәтижелер автоматты түрде көрсетіледі.

«Дыбыстар әлемі» қосымшасын қолдану тәртібі:

1. Google Play арқылы жүктеу;
2. Баланың аты-жөні мен байланыс нөмірін енгізу;



3.20 әріп бойынша жаттығулармен жұмыс;

4. Әр дыбысқа арналған тапсырмалар:

— Дыбыс пен әріпті тану және қайталау — бала дыбысты тыңдап, дауыстап қайталайды.

— Артикуляциялық жаттығулар — дыбысты дұрыс айту үшін қажетті сөйлеу мүшелерін машықтандыруға арналған жаттығулар көрсетіледі.

— Буын арқылы машықтандыру — сөздің құрылымын түсінуге және айтуға арналған тапсырмалар ұсынылады.

— Буын ұйқасын табу — фонематикалық есту қабілетін дамытуға арналған жаттығулар арқылы ұқсас буындарды табу.

— Жұмбақ шешу — бала жұмбақты тыңдап, ойланып, дұрыс жауабын табу арқылы логикалық және тілдік ойлауын дамытады.

Осы тапсырмалар әртүрлі танымдық және сөйлеу машықтарын дамытуға бағытталған. Әр жаттығудан кейін бала жұмысының нәтижесі көрініп отырады. Бұл — педагог пен ата-ана үшін баланың ілгерілеуін бақылауға, ал бала үшін өзін-өзі бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл тапсырмалар фонематикалық қабылдауды, артикуляциялық дәлдікті, буындық құрылымды меңгеруді және байланыстырып сөйлеуді дамытуға бағытталған.

Зерттеу нәтижелерінің маңызын қалай қорытындылайсыз?

Қосымшалар ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үдерісін цифрландыруға, оқу материалының қолжетімділігін арттыруға және үй жағдайында оқыту тиімділігін көтеруге мүмкіндік берді.

Логопедиялық және танымдық жаттығулар арқылы балалардың тілдік, когнитивтік және психологиялық дамуында оң өзгерістер байқалды. Қашықтан оқыту форматының тиімділігі дәлелденіп, ата-аналар мен педагогтар тарапынан оң пікірлер қалыптасты.

Сұқбат бергеніңіз үшін рақмет! Жаңа жобаларыңызға сәттілік тілейміз!

Сұқбаттасқан: Жадыра Арен

☑ The wisdom of a teacher

САБЫР МЕН ПАРАСАТЖОЛЫ: ҰСТАЗ ӨМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ



Жанат Сәлімгерейқызының кәсіби жолы 1982–1987 жылдары қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын меңгеруден басталды. Кейін 10.01.02 шифры бойынша филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды. 1987 жылы Алматы қаласындағы №65 мектепте мұғалім ретінде еңбек жолын бастаған жас педагогтың ұқыптылығы, табандылығы, жауапкершілігі оның болашақтағы үлкен ғылыми-ұстаздық жолының берік іргетасына айналды.

1994 жылдан бері ол Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде қызмет етіп келеді. Отыз жылдан астам уақыт ішінде кафедра құрамының жаңаруы, білім стандарттарының өзгеруі, жаңа технологиялардың енуі сөйлемді талай сындарлы кезеңдер өтті. Бірақ бір нәрсе өзгермеді — Жанат Сәлімгерейқызының мамандығына адалдығы мен ұстаздық болмысы.

Оның сабақ беру мәнері — талапшылдық пен мейірімнің, теориялық тереңдік пен адамгершіліктің үйлесімі. Әсіресе «Әдебиет теориясы», «Әдебиеттануға кіріспе», «Шетел әдебиеті», «Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі қазақ әдебиеті» пәндерін меңгертудегі әдістемелік шеберлігі студенттер тарапынан әрдайым жоғары бағаланып келеді.

33 жылдық академиялық еңбек өтілі бар ұстаз тек оқытушылықпен шектелмей, әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеп жүрген ғалым ретінде де танылды. Т.Ахтанов шығармашылығы, қазіргі қазақ поэзиясы, әйел ақындар лирикасы, драматургиядағы адам концепциясы жөніндегі ғылыми еңбектері, сондай-ақ авторлық бағдарламалары мен электрондық оқу құралдары — оның ғылыми ізденісінің нәтижелері. 2024 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ лирикасындағы мінез мәселелері» атты монографиясы — оның тың көзқарасы мен тоқтаусыз ізденісінің айғағы.



Айнұр Кушкымбаева,
PhD., қауымдастырылған профессор

Қазақ әдебиеті кафедрасының қалыптасуында еңбек сіңіріп, оның әр кезеңіне өзіндік қолтаңбасын қалдырған тұлғалардың бірі – Сұлтанғалиева Жанат Сәлімгерейқызы. Оның ұстаздық жолы – бір ұжымның ғана емес, бірнеше буынның тарихымен ұштасқан өнегелі мектеп.

еңбекқорлығын, академиялық мәдениетін үлгі тұтып, Жанат Сәлімгерейқызының кәсіби жалғасы ретінде ғылым мен білім саласында еңбек етуде.

Ұстаздың мектептерде қызмет етіп жүрген көптеген шәкірттері бүгінде қазақ тілі мен әдебиетінің құндылығын жас ұрпаққа жеткізіп, ұлттық рухты дәріптеуге елеулі үлес қосып отыр. Солардың қатарында өз ісінің шебері атанған Ж.Мұхамбеталина, оқу ісі жөніндегі орынбасар ретінде білім сапасын арттыруға еңбек етіп жүрген Н.Кенжеғазин, мектеп директоры қызметін атқарып отырған Ж.Сағымбаева, педагогикалық шеберлігімен танылған А.Нұрманова, сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жауапкершілігімен ерекшеленетін З.Бақытжанова секілді білім беру саласының білікті мамандары бар.

Биылғы мерейтой — Жанат Сәлімгерейқызының өмірлік және кәсіби жолына шынайы баға беретін маңызды кезең. Осыған орай өткізілген «Өнегелі өмір — ұстаздық ғұмыр» атты әдістемелік семинар ұстаздың әдістемелік тәжірибесін насихаттауға, жас мамандарға үлгі етуге арналды. Семинарға мектеп мұғалімдері мен университет оқытушылары қатысып, оқу-тәрбие үдерісіндегі тиімді әдістер жөнінде баяндама жасады. Ақтөбе қаласындағы №3 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ж.Ж. Юсупованың «Қазақ тілін және әдебиетін оқытуда ойын және визуалды құралдарды біріктіріп қолдану» тақырыбындағы тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырды.

Семинар барысында ұстаздың кәсіби жолына арналған слайдтық шолу көрсетіліп, қатысушылар педагогикалық тәжірибе алмасты, өзекті мәселелер төңірегінде пікір алмасты. Жиын соңында мерейтой иесіне құрмет көрсетіліп, алғыс хат табысталды.

Жанат Сәлімгерейқызы — сабыр мен парасаттың, білім мен адамгершіліктің, ұстаздық ыждағаттылық пен ғылыми жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Оның өмір жолы — кафедра үшін мақтаныш, студенттер үшін үлгі, қазақ филологиясы үшін құнды мұра.

☑ Ғалым мұрасы

19 желтоқсан - тіл білімі саласындағы қазақтың тұңғыш профессоры, түркітанушы, педагог, қоғам және мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалаушы Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың туған күні. Биыл ғалымның туғанына – 126 жыл. Назарларыңызға профессордың құнды пікірлерін ұсынамыз!

Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың қанатты сөздері мен құнды пікірлері

«...Бүгін жас мамандарды Қазақстан жұртшылығына тапсыра отырып, олар алған білімдерін болашақта іске асыра алар, көптің күткеніндей жеміс берер, ұлт мәдениетін құру жұмысында үмітті ақтап, шын қайраткер болар деп сенемін...».

Қ.Жұбанов. «Он үш жас күш».

«Тарих бүкіл жер жүзіндік мәнге ие болған күннен бастап ғылым табыстары да жер жүзіндік ғылым табыстарына айналды».

Қ.Жұбанов. «Термин сөздердің спецификасы жөнінде».

«Қазақ — жазба тарихы жоқ ел. Қазақтың мәдениет, тарихы да жазылмаған. Солай да болса, бұл мәселе жөнінде үмітсіздікке түсуге болмайды: тексеру методы дұрыс болса, бар материалдарды пайдалана білсек, бұл жөнінде талай қараңғыны жарыққа шығаруға болады».

Қ.Жұбанов. «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы»
(Тіл мен тарих деректері).

«Қазіргі қазақ атанып отырған халықтың өткендегі тұрмыс-тіршілігін білу үшін Қазақстан жерінде өмір сүрген будан бұрынғы халықтардан қалған және атақты жеке адамдарынан қалған ескі әдебиет мұраларына да үңіле қарау керек».

Қ.Жұбанов. Түркі әдебиеттер тілінің танымы.

Ескі әдебиет мұрасы халықтың тарихын танытатын материал болады, бір халықтың



тарихын білу үшін, сол халықтың әдебиетінен қалған мұраларды жинау, сақтау, оларды тиісінше тексеру керек. Қазіргі тіршілігімізге керекті жағын таңдап ала білуіміз керек. Біздің жұртшылығымызда ұлан-байтақ ұлы отанымыздағы әрбір ұлттың тарихи мұраларын соның үшін сақтайды, сақтап отыр».

Қ.Жұбанов. Түркі әдебиеттер тілінің танымы.

«Халық музыкасының мұраларын тексерудің маңызы өте зор. Өйткені, болашақтағы жоғары мәдениетті музыка мен қолда бар музыка мәдениеті арасының жібі үзілмеуі керек. Қазақтың қалың еңбекшілеріне түсінікті, әсер-

лі болу үшін жаңа музыка олардың құлағына жат болмауы керек. Жат болмау үшін өзінде бар музыкаға бір жағынан байланысы болуы керек».

Қ.Жұбанов. «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы».

«...Басқасын қойып, бірлескен қоғамның ішкі қатынасының негізгі айнасы болатын тілді алсақ, қазақ тіліндегідей бір өңкейлікті, бір қалыптылықты басқа тілдерден өте сирек ұшыратуға болады. Тілдегі мұндай тұтастық, бір өңділік қазақ жеріндегі тұрмыста ұзаққа созылған тығыз қатынас болғандығын көрсетеді. Ондай тығыз қатынас болмаса, көп елден құралған бір халықтың тілі мұншама бірікпеген болар еді».

Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.

«...Бір елді бір ел үйітіп жейтін бұрынғы заңның орнына жаңа заң тудырған жаңа дүние пайда болды. Бір елге бір ел жәрдем етіп, жетпесін жеткеретін бауырмалдық, ел-елдің достығы орнады. Осыдан кейін қазақ елі шын мағынасымен ұлт болды. Оның ұлт тілі болды. Бүгінде қазақ тілінің қазынасын жиып, онан әрі молайтып жатырмыз. Бүгінде қазақ тілі — әдебиет тілі, жоғары мектептерде оқылатын бір ғылым саласы...».

Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.

«Қазақтың тілі, тарихы жөнінде қытай тілінде көптеген деректер бар. Оларды оқу үшін қытай тілін зерттеу керек. Жапондықтар қытай тіліндегі ғылыми еңбектердің бірқатарын өз тіліне аударып алды. Сондықтан сол тіл арқылы қытайдың қазақ туралы жазылған деректерін оқу керек».

Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.

«Абай жер жүзінің классик әдебиетінің үлгісін аңдап ұстап, қазақ әдебиетін Байрон, Шиллер, Гете, Пушкин, Лермонтов, Толстой ізімен батысқа жетелеген».

Қ.Жұбанов. «Абай — қазақ әдебиетінің классигі»

«Бүгінде қазақ тілі, әдебиет тілі болды. Қазақ тілі жоғары мектептерде оқылатын бір ғылым саласы болды. Байыған өмір тілді де байытты».

Қ.Жұбанов. Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі.



✓ Басты жаңалықтар



YANDEX QAZAQSTAN БАС ДИРЕКТОРЫ СТУДЕНТТЕР-МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

Жұбанов университеті мен Heriot-Watt University Ақтөбе кампусының IT мамандықтарында білім алатын студенттер Yandex Qazaqstan компаниясының бас директоры Тимур Шалекеновтың қатысуымен өткен қонақ дәріске қатысты. Кездесу барысында спикер технологиялық саланың заманауи даму үрдістері, цифрлық экожүйенің қалыптасуы және Қазақстандағы IT-нарықтың болашағы туралы жан-жақты ақпарат берді.

Тимур Шалекенов Yandex Qazaqstan компаниясындағы стратегиялық бағыттар, сервисер экожүйесін кеңейту және халықаралық тәжірибені жергілікті нарыққа бейімдеу тетіктері жөнінде баяндады. Сонымен қатар BTS Digital холдингіде жетекшілік еткен кезеңіндегі «Әлеуметтік әмиян» (G2C), Жедел төлемдер жүйесі, Kassa24 электрондық сервисі және Finnovate платформасындағы токенизация жобалары туралы тәжірибесімен бөлісті. Бұл ақпарат студенттердің қаржы технологиялары мен цифрлық өнім әзірлеу саласындағы практикалық түсінігін кеңейтуге ықпал етті.

Кездесу барысында спикер университетке Yandex Cloud платформасының ғылым мен білімге арналған мүмкіндіктерін таныстырды. Оның айтуынша, Yandex Cloud білім беру саласының барлық қатысушыларына цифрлық ресурстарды қолжетімді етеді.

Студенттерге – бұлтты технологиялармен жұмыс істеуге бағытталған тегін IT-курстар ұсынылады. DevOps, киберқауіпсіздік және басқа да бағыттар бойынша білім болашақ мамандардың кәсіби әлеуетін арттырады.

Оқытушыларға – оқу контентін жаңғыртуға және оқу процесіне интеграциялауға арналған дайын материалдар мен біліктілікті арттыру курстары қолжетімді.

Университеттің IT-командаларына – цифрлық инфрақұрылымды жаңарту, ақпараттық қауіпсіздікті күшейту және тұрақты технологиялық орта құру мүмкіндігі беріледі.

Ғылыми зертханаларға – зерттеу уақытын қысқартып, жобаларды коммерцияландыруды жеделдететін жоғары өнімді есептеу ресурстары ұсынылады.

Студенттер қонақ дәріс барысында цифрлық трансформация, IT-нарықтағы жаңа бағыттар және технология саласының даму болашағы туралы сұрақтар қойып, ашық пікір алмасты. Кездесу болашақ IT-мамандарының кәсіби бағдарын кеңейтіп, тәжірибелік және теориялық білімдерін толықтыруға мүмкіндік берді.

ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ДИРЕКТОР YANDEX QAZAQSTAN ОБСУДИЛ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ ТРЕНДЫ СО СТУДЕНТАМИ

Студенты IT-направлений университета Жубанова и кампуса Heriot-Watt University в Актобе приняли участие в гостевой лекции с участием генерального директора Yandex Qazaqstan Тимура Шалекенова. Во время встречи спикер подробно рассказал о современных тенденциях развития технологической сферы, формировании цифровой экосистемы и перспективах IT-рынка в Казахстане.

Тимур Шалекенов поделился стратегическими направлениями развития компании Yandex Qazaqstan, планами по расширению экосистемы сервисов, а также механизмами адаптации международного опыта под потребности местного рынка. Кроме того, он рассказал о своем опыте руководства холдингом BTS Digital и участии в проектах «Соци-

альный кошелек» (G2C), Системе мгновенных платежей, электронных сервисах Kassa24 и инициативах по токенизации на платформе Finnovate. Представленная информация помогла студентам углубить практическое понимание финансовых технологий и процессов разработки цифровых продуктов.

Во время встречи спикер также презентовал университету возможности платформы Yandex Cloud в сфере науки и образования. Тимур Шалекенов подчеркнул, что Yandex Cloud предоставляет цифровые ресурсы всем участникам образовательного процесса: обучающимся – бесплатные IT-курсы по облачным технологиям, DevOps, кибербезопасности и другим направлениям для повышения профессиональных компетенций;

преподавателям – готовые учебные материалы и курсы повышения квалификации для обновления образовательного контента и его интеграции в учебный процесс;

IT-командам университета – инструменты для модернизации цифровой инфраструктуры, усиления информационной безопасности и создания устойчивой технологической среды;

научным лабораториям – высокопроизводительные вычислительные ресурсы, сокращающие сроки исследований и ускоряющие коммерциализацию научных проектов.

В завершение гостевой лекции студенты задали множество вопросов и открыто обменялись мнениями о цифровой трансформации, новых направлениях IT-рынка и будущем технологической отрасли. Встреча стала значимым мероприятием, позволившим будущим IT-специалистам расширить профессиональный кругозор и укрепить практические и теоретические знания.

gov.kz



✓ Best student

Мамандығыма деген махаббатым мені биік мақсаттарға жетелейді

қатысу, конференцияларда баяндама жасау, тәжірибелік дағдымды арттыру. Осы мақсаттарымды жүйелі түрде жүзеге асырып келемін.

Химия — дәлдікті, ұқыптылықты, логикалық ойлауды және үлкен жауапкершілікті талап ететін сала. Әр реакцияның артында белгілі заңдылық, әр тәжірибенің артында нақты теория тұр. Бұл салада табысқа жету үшін табандылық, төзімділік және шынайы қызығушылық қажет.

Ғылыми бағыттағы ең маңызды жетістіктеріңізбен бөліссеніз.

Ғылым саласындағы ең үлкен жетістіктерімнің бірі — халықаралық және республикалық деңгейдегі конференцияларға қатысып, I және II дәрежелі дипломдарға ие болғаным. “Science and Education: Modern Time”, “Фараби әлемі”, “Жастар, ғылым және инновация” секілді беделді ғылыми алаңдарда баяндама жасадым. Халықаралық журналда зерттеу мақалаларым жарық көріп, “Химик-зерттеуші” номинациясымен марапатталдым.



стар атқардым. Бұл тәжірибелер мені ғылыми тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыда да шыңдады.

Барлық ғылыми жобаларымды «Химия» кафедрасындағы оқытушыларым — Е.Б. Досмузина, С.Д. Дузелбаева, И.С. Төлесінова және Г.А. Рахметовамен бірігіп жүргіздік. Ұстаздарымның қолдауы мен бағыт-бағдары мен үшін маңызды. Сол үшін жетекшілеріме алғысым шексіз.

Ғылымнан өзге студенттік белсенділігіңіз де жоғары екені белгілі. Бұл бағытқа қалай көлдіңіз?

Университет табалдырығын аттаған сәттен бастап белсенді студент болуды мақсат еттім. Бұл жолда маған үлкен бағыт беріп, қолдау көрсеткен Данагүл Қожағалиқызы болды. Оның кеңестері, тәжірибесі мені жаңа бағамалардан қорықпауға, әр жұмысты жауапкершілікпен атқаруға үйретті.

2 курста жаратылыстану факультетінің баспасөз хатшысы қызметін атқардым. Бұл маған ақпаратпен жұмыс істеуді, адамдармен дұрыс байланыс орнатуды, командада жұмыс істеуді үйретті.

3 курста бірнеше қызметті қатар алып жүрдім: кафедраның студенттік меңгерушісі, факультет сенаторының орынбасары және Білім және ғылым фракциясының жетекшісі. Осы кезең менің көшбасшылық қабілетімді айқындап, ұйымдастырушылық дағдыларымды күшейтті.

Қазір 4 курста факультет сенаторы ретінде жұмысымды жалғастырып келемін.

Бұл белсенділік сізге қандай өмірлік дағдылар берді?

Ең алдымен жауапкершілік пен уақытты тиімді басқаруды үйрендім. Көпшілік алдында сөйлеу, шешім қабылдау, адамдармен коммуникация орнату қабілеттерім дамыды. Университет маған тек білім емес, өмірге қажет маңызды дағдылардың бәрін берді. Студенттік орта — нағыз тәжірибе мектебі.

Болашаққа жоспарларыңыз қандай?

Болашақта еліміздің химия ғылымына үлес қосып, жаңа зерттеулер жүргізіп, кәсіби ортада өз орнымды тапқым келеді. Ғылым — үнемі даму мен ізденісті талап ететін сала. Сол жолда аянбай еңбек етуге әзірмін.

Сұқбатыңызға рақмет! Ғылым жолындағы қадамдарыңыз сәтті болсын!

Сұқбаттасқан: Жадыра Арен



Жаратылыстану факультетінің «Химия» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, жас зерттеуші, ғылыми байқаулардың жеңімпазы, факультет сенаторы Жансая Байкенқызы бүгінгі таңда білім мен ғылымды қатар алып жүрген белсенді студенттердің бірі.

Жансая үшін химия саласы — жай ғана мамандық емес, жүрек қалауы, бала күнгі арманынан бастау алған өз жолы, өмірлік миссиясы.

Ол — «Үздік студент» төсбелгісінің иегері, жастар саясатын дамытуда және қоғамдық жұмыстарда белсендік танытып жүрген талпыт жас.

Біз Жансаямен оның ғылым жолындағы ізденістері, студенттік өмірдегі белсенділігі және болашаққа арналған жоспарлары жайында сұхбаттасқан едік.

Химияға деген қызығушылығыңыз қалай басталды?

Химияға деген сүйіспеншілігім кездейсоқ пайда болған жоқ, 7-сыныптан бастап химия сабағы мен үшін ерекше әлем сияқты еді. Әр реакция, әр құбылыс мен үшін жаңалық ашып, қызық көрінді. Заттардың өзгеруі, күрделі процестердің қарапайым заңдылықтарға бағынуы мені таңғалдыратын. Сол кезде-ақ мен химияны жай пән ретінде емес, өмірімнің бір бөлігі ретінде қабылдай бастадым. Сабақтан тыс қосымша әдебиеттер оқып, ғалымдардың өмірбаянымен танысып, тіпті үй жағдайында шағын тәжірибелер жасап көретінмін. Осы қызығушылық пен зерттеуге деген құштарлық мені ғылымға қарай жетеледі. Сол уақыттан бастап өзіме бір мақсат қойдым — ғылым жолына түсу, химия саласында білікті маман болу және еліміздің ғылыми әлеуетін арттыруға үлес қосу.

Университетке түскеннен кейін бұл қызығушылық қалай жалғасты?

Жұбанов университетіне химия мамандығына түсуім — бала күнгі арманымның заңды жалғасы болды. Қазір 4 курс студенті ретінде мамандығымның тереңдігін, жауапкершілігін толық сезініп келемін. Университетке түскеннен бастап алдыма үлкен мақсаттар қойдым: үздік оқу, ғылыми зерттеулерге



Халықаралық байланыс



АҚТӨБЕДЕ МИННЕСОТА УНИВЕРСИТЕТІМЕН БІРЛЕСКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК-ТЕРІН ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті мен Миннесота университетінің бірлескен бастамасымен Қазақстанда алғаш рет «Халықаралық зерттеу құзыреттіліктерін дамыту орталығы» салтанатты түрде ашылды. Аталған орталық ғылыми мәдениетті дамытуға және халықаралық академиялық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған заманауи зерттеу алаңы ретінде қызмет ететін болады.

Орталықтың негізгі миссиясы – ғылыммен айналысатын барлық деңгейдегі зерттеушілерге, студенттерден бастап профессорлық-оқытушылық құрамға дейін, кешенді қолдау көрсететін тұрақты зерттеу экожүйесін қалыптастыру.

Іс-шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек онлайн форматта қатысып, өз сөзінде орталықтың ашылуы елдегі зерттеу экожүйесін нығайтуға және жоғары білім беру жүйесінде үздіксіз білім алу мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосатынын атап өтті. Министр орталықтың оқытушылар мен зерттеушілердің әдіснамалық даярлығын арттыруға, ғылыми жарияланымдық дағдыларын дамытуға, зерттеу этикасының халықаралық стандарттарын сақтауына және қазақстандық ғылымды жаһандық академиялық кеңістікке ықпалдастыруға арналған маңызды алаңға айналатынын жеткізді. Сонымен қатар «train the trainer» («оқытушыларды оқыту») моделінің енгізілуі зерттеу құзыреттіліктерінің тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, академиялық қауымдастық ішінде білім мен тәжірибенің жүйелі түрде таралуына мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Салтанатты іс-шараға сондай-ақ ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, Хериот-Уатт университетінің вице-канцлері Ричард Уильямс, Миннесота университетінің Халықаралық бастамалар департаментінің директоры Марина Алейшо, Миннесота универ-

ситетінің оқыту мен білім беруді дамыту жөніндегі профессоры Родни Уоллес, сондай-ақ Миннесота университетінің профессоры Баскар Уладххай, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма төрағасы – Ректоры Лаура Қарабасова қатысты.

Орталықтың негізгі қызмет бағыттарына зерттеулерді жоспарлау, деректерді талдау, гранттық өтінімдер мен ғылыми жарияланымдарды әзірлеу бойынша әдіснамалық кеңес беру, заманауи зерттеу әдістері, академиялық жазу және ғылыми этика мәселелері бойынша семинарлар мен білім беру курстарын өткізу, сондай-ақ бірыңғай цифрлық платформа қалыптастыру және ғылыми қауымдастықты дамыту кіреді.

Аталған орталықтың құрылуы – өңірдің ғылыми әлеуетін арттыру жолындағы маңызды қадам. Жоба нәтижесінде қазақстандық ғылыми зерттеулердің сапасы мен халықаралық бәсекеге қабілеттілігі артып, ғылыми қызметке сыртқы гранттар мен инвестициялар тарту мүмкіндіктері кеңейеді, жастардың зерттеушілік және инновациялық қызметке қызығушылығы күшейеді, сондай-ақ Қазақстанның жаһандық ғылыми қауымдастықтағы орны нығаяды.

В АКТОБЕ ОТКРЫТ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ СОВМЕСТНО С УНИВЕРСИТЕТОМ МИННЕСОТЫ

По совместной инициативе Актобинского регионального университета имени К.Жубанова и университета Миннесоты в Казахстане впервые открыт «Международный центр развития исследовательских компетенций». Новый центр будет функционировать как современная исследовательская площадка, направленная на развитие научной культуры и укрепление международного академического сотрудничества.

Основная миссия центра заключается в формировании устойчивой исследовательской экосистемы, обеспечивающей комплексную поддержку ученых всех уровней – от студентов до профессорско-преподавательского состава.

В церемонии открытия в онлайн-формате принял участие министр науки и высшего образования РК Саясат Нұрбек. В своем выступлении он отметил, что открытие центра внесет существенный вклад в укрепление исследовательской экосистемы страны и развитие культуры непрерывного образования в системе высшего образования. Министр подчеркнул, что центр станет важной платформой для повышения методологической подготовки преподавателей и исследователей, развития навыков научных публикаций, соблюдения международных стандартов исследовательской этики, а также интеграции казахстанской науки в глобальное академическое пространство. Отдельное внимание было уделено внедрению модели «train the trainer» («обучение тренеров»), которая обеспечивает устойчивое развитие исследовательских компетенций и системное распространение знаний и опыта внутри академического сообщества.

В торжественном мероприятии также приняли участие вице-министр науки и высшего образования РК Гүлзат Көбенова, вице-канцлер университета Heriot-Watt Ричард Уильямс, директор департамента международных инициатив Университета Миннесоты Марина Алейшо, профессор кафедры развития преподавания и обучения им. Родни Уоллеса Университета Миннесоты Баскар Уладххай, а также председатель Правления – ректор Актобинского регионального университета имени К.Жубанова Лаура Карабасова.

К ключевым направлениям деятельности центра относятся методологическое консультирование по вопросам планирования исследований, анализа данных, подготовки грантовых заявок и научных публикаций, проведение семинаров и образовательных курсов по современным методам исследования, академическому письму и научной этике, формированию единой цифровой платформы, а также развитие научного сообщества.

Создание центра является важным шагом в развитии научного потенциала региона. Реализация проекта позволит повысить качество и международную конкурентоспособность казахстанских научных исследований, расширить возможности привлечения внешних грантов и инвестиций в науку, стимулировать вовлечение молодежи в исследовательскую и инновационную деятельность, а также укрепить позиции Казахстана в глобальном научном сообществе.

gov.kz



УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ МАЛАЙЗИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЛШІСІН ҚАБЫЛДАДЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде Малайзияның Қазақстандағы Елшісі Мохаммад Адли бин Абдуллахпен кездесу өтті. Кездесуде екіжақты серіктестікті дамыту, білім алушыларға академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясын кеңейту және бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Кездесу барысында тараптар білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Ректор университеттің халықаралық байланыстарды нығайтуға ерекше мән беретінін және Хериот-Уатт университетінің жергілікті және Малайзиядағы кампустары арасындағы әріптестікті кеңейту стратегиялық басымдықтардың бірі екенін жеткізді.

Осы тұрғыда, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылында 14 білім алушы, биылғы оқу жылында 12 білім алушы Хериот-Уатт университетінің Малайзиядағы кампусында білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Өз кезегінде Малайзия елшісі Мохаммад Адли бин Абдуллах Жұбанов университетінің өңірлік және мемлекеттік деңгейдегі рөлін жоғары бағалап, Малайзияның жоғары оқу орындарымен бірлескен бағдарламалар, академиялық ұтқырлық, қысқа мерзімді тағылымдамалар және мәдени алмасу бағыттарында өзара тиімді жобаларды іске асыруға дайын екенін білдірді.



International relations



Университет басшылығы халықаралық байланыстардың кеңейіп студенттердің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және білім беру бағдарламаларының сапасын жаңа деңгейге көтеруге ықпал ететінін атап өтті.

UNIVERSITY RECTOR MEETS WITH THE MALAYSIAN AMBASSADOR TO KAZAKHSTAN

A meeting was held at K. Zhubanov Aktope Regional University with the Ambassador of Malaysia to Kazakhstan, Mohammad Adli bin Abdullah. The discussion focused on strengthening bilateral cooperation, expanding student academic mobility programs, and implementing joint research projects.

During the meeting, both sides emphasized the importance of collaboration in the fields of education and science. The Rector noted that the university places special emphasis on developing international partnerships, and expanding cooperation between the Heriot-Watt University campus in Malaysia and the Aktope campus is one of its strategic priorities.

Within the academic mobility program for the 2024–2025 academic year, 14 students received the opportunity to study at the Heriot-Watt campus in Malaysia; this year, the number was 12.

Ambassador Mohammad Adli bin Abdullah, in turn, highly praised Zhubanov University's role at both regional and national levels and expressed readiness to support mutually beneficial initiatives, including joint programs, academic mobility, short-term internships, and cultural exchange.

The university leadership highlighted that expanding international cooperation will strengthen students' global competitiveness and improve the quality of educational programs.

Жұбанов университетінің
Баспасөз қызметі

РЕКТОР УНИВЕРСИТЕТА ПРИНЯЛА ПОСЛА МАЛАЙЗИИ В КАЗАХСТАНЕ

В Актобинском региональном университете имени К. Жубанова состоялась встреча с послом Малайзии в Казахстане Мохаммадом Адли бин Абдуллахом. На встрече были обсуждены вопросы развития двустороннего партнерства, расширения программы академической мобильности обучающихся и реализации совместных научных проектов.

В ходе встречи стороны отметили важность сотрудничества в сфере образования и науки. Ректор подчеркнула, что университет уделяет особое внимание укреплению международных связей, а расширение партнерства между кампусом университета Хериот-Уатт в Малайзии и Актобинским кампусом является одной из стратегических приоритетных задач.

В рамках академической мобильности в 2024-2025 учебном году 14 студентов получили возможность обучаться в кампусе Хериот-Уатт в Малайзии, в текущем году таких студентов было 12.

В свою очередь, посол Малайзии Мохаммад Адли бин Абдуллах высоко оценил роль университета Жубанова на региональном и государственном уровнях и выразил готовность к реализации взаимовыгодных проектов, включая совместные программы, академическую мобильность, краткосрочные стажировки и культурный обмен.

Руководство университета отметило, что расширение международных связей будет способствовать повышению глобальной конкурентоспособности студентов и улучшению качества образовательных программ.